



**Еңбек ардагері
Тоқтархан Ыбырайұлы
(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**

011
E 58

E 58 Еңбек ардагері, металлург Тоқтархан
Ыбырайұлы Ысқақов: библиографиялық жаднама
/Теміртау орталық кітапханасы: құраст. К.Жанашева. -
Теміртау. - 2024. – 12 б. - **(Еңбекпен шыңдалған
тұлғалар)**.

**Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапхана жүйесі КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлімі**

**Еңбек ардагері
Тоқтархан Ыбырайұлы
Ысқақов
(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**

библиографиялық жаднама

Теміртау, 2024

ОҚЫРМАНҒА

Туған қаламыз - Теміртаудың тектілердің тұғыры атануы жайдан-жай емес, мұны баршамыз жақсы білеміз. Талай ұл-қыздарын шыңдап, еңбекпен есейтті. Бүгіндеі металлургияның мекеніне айналған шаһарымыздың даңқы әлемге танылды. Маңдай терін сорғалатып, болат селін ағызған арда азаматтардың есімдерін бүгінгі ұрпақ ұмытпақ емес.

Ақпараттық-библиография бөлімі майталман тұлғалардың ерен еңбекпен бейнетке, зейнетке толы өмір жолдарын өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында, Еңбек ардагері Тоқтархан Ысқақовтың еңбек жолы туралы **«Еңбекпен шыңдалған тұлғалар»** топтамасымен библиографиялық жаднама құрастырды.

Жаднаманы құрастыру барысында электронды каталог пен интернет қолданылды.

Қалың оқырман жұртшылыққа арналған.

Ардақтайды ақсақал деп халқың да,
Еңбексүйгіш ұрпағың бар артыңда.
Сексен, тоқсан, жүз жасқа да жетіңіз,
Дәл осындай мейірімді қалпыңда.

Сексеннің сеңірінен асқан бүгінгі кейіпкеріміз Тоқтархан Ысқақов жарты ғасырдан артық өмірін Қарағанды металлургия комбинатына, «АрселорМиттал Теміртау» өндірісіне арнаған жан. Тоқтархан Ыбырайұлы данышпан Абай атамыз дүниеге келген топырақтың тумасы, ол 1938 жылы сонда туып, орта мектепті де сол жерде тәмамдады. Сол кезеңде мектеп түлектері алдымен еңбекте шыңдалып, өндірісте, ауыл шаруашылығында екі жыл тәжірибе жинақтайтын жақсы үрдіс бар еді. Бозбала Тоқтархан да комсомолдық жолдамамен Рудный қаласындағы Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатында еңбек жолын бастады.

Екпінді құрылыс болып жарияланған өндіріс ошағындағы алғашқы жылдар қиындыққа толы еді. Палаткаларда тұрдық, желдің өтінде, күннің көзінде жұмыс істесек те жастық, өмірден лайықты орын алуға құштарлық сол қиындықтарды жеңуге жеткізді. Менің қазір есімде қалғаны ол аймақта өсетін бидайдың қалыңдығы мен биіктігі, бидай алқабына кірген жүк машинасы көрінбей кететін, - деп еске алады даңғайыр металлург, еңбек ардагері Тоқтархан аға өзінің алғашқы еңбек жолы туралы. - Бірде Тайжан Бесимов деген досымнан хат алдым, ол Теміртаудағы металлургия заводының домна цехында

шойын құюшы болып істейтінін жазыпты. Еңбек процесін де толығымен баяндаған екен, мені қатты қызықтырды. Әскерден кейін Рудныйға емес, Теміртауға барам деп шештім, - дейді ол.

Міне, осылайша Тоқтархан Ысқақов 1960 жылы Қазақстан Магниткасына табан тіреді. Жаратылысынан қажыр-қарымы жетерлік және алған бетінен қайтпайтын жас жігіт тек қарапайым жұмысшы болып ғана қоймай, білімді инженер болуды көздеді. Сөйтіп, арада бір жыл өткенде Қарағанды политехникалық институтына түсті, кейінірек осы білім ордасына Н.Назарбаев та келген еді.



Ол кезде жастар бірыңғай оқып ғана қоймай, алған білімдерін күнделікті тәжірибеде қолдануды қалайтын. Оның үстіне Теміртаудың өзінде «Завод ВТУЗ» деп аталған жоғарғы оқу орнының ашылуы бұған тіпті қолайлы болды. Сөйтіп болашақ металлургтер жұмыс істей жүріп, кешкі бөлімде оқыды.

Тоқтархан Ысқақов жиырма жылдай бірінші жалпақтап прокаттау цехында еңбек етті. Осы жылдары әсем қыз Әсияның жүрегін жаулады, орталық зертханада жұмыс істейтін жас қыз болашақ металлургияның ең тамаша адами қасиеттерін дәл тани білген еді. Ұзақ жыл қол ұстасып тату-тәтті өмір сүрген олар екі ұл тәрбиелеп өсірді. Қазір солардан немере-шөбере сүйіп, үлкен бақытқа кенеліп отыр.

Елу жылдан астам өмірін осы комбинатқа арнаған біздің кейіпкеріміздің бір кездері елде болмай, сыртта еңбек еткен кездері болған еді.

1984-1987 жылдары мен Пәкістанға іс-сапарға жіберілдім, ондағы Карачи портты қаласында металлургия заводы бар, сондағы ыстық прокаттау цехында бас сарапшы маман болып жұмыс істедім. Сол жылдары кеңес үкіметінің дамып келе жатқан елдерге кадрлық көмек көрсететін үрдісі болған, мен де пәкістандықтарға өзімнің ширек ғасырлық жинақтаған іс тәжірибемді үйретіп оралдым, - дейді Тоқтархан ақсақал. Пәкістан жылдары Тоқтархан Ысқақовтың бұрынғы жұмыс тәжірибесін жаңаша байытуына мүмкіндік берді. Т. Ысқақов Пәкістанға кеткен кезде ЛПЦ-1 бастығы Олег Сосковец еді, қайта оралғанда ол комбинаттың бас директоры қызметінде екен. Цех бастығы Александр Свичинский, бұлардың қай-қайсысы болса да өте сауатты, металлургияның сан-саласын жақсы игерген, ерік-жігері мол іскер адамдар. Ал

Тоқтархан мұндай кісілерге үнемі жақын жүреді, құрмет тұтады, тез тіл табысады.

Металлургияда еңбек еткендер арасында **«ЫСТЫҚ ӨТІЛ»** деген бір сөз бар, бұл отпен бетпе-бет, ауыр әрі зиянды жағдайда жұмыс істегенді айғақтайтын жұмыс жылдары. Тоқтархан аға тура елу жасында өзіне қажетті осы ыстық өтілді жинап та үлгерді, тып-тыныш зейнетке шығып, үйінде демалуына әбден болар еді, бірақ қарап отыруға үйренбеген ол комбинаттан кеткісі жоқ-ты. Оның үстіне Сосковец пен Свичинский де келісіп қойғандай бірауыздан: «Ыстық алюминдеу мен мырыштау цехы іске қосылатын болады, енді соған көмектесесің» деп жаңа бір істің ұшығын шығарды. Ыстық алюминдеу цехы зертхана тәрізді ылғи да таза, жарқырап тұрады. Бұл туралы біздің Тоқтархан ағамыз үлкен мақтанышпен әңгімелейді:

- Алюминдеу және мырыштау процесінен өткен металл мүлдем басқаша, оны кәдімгі қара темірмен салыстыруға болмайды, арасы жер мен көктей. Мұндай өнімнің бағасы да басқадан үш-төрт есе қымбат. Өнеркәсіптің көптеген салаларында қолданылады, өйткені мықты, берік, ұзақ пайдаланысқа жарайды. Міне дәл осы жаңа металл ғана біздің Қазақстанның әлемдегі металлургия өндірісі элитасына қосылуға жол ашты, - дейді еңбек ардагері Тоқтархан ақсақал. «Бұл цех комбинаттың еңбек ұжымының шыққан бір биік шыңы, біз ең қымбат дайын тауар өндірушілерміз. Көп жағдайда кәсіпорынның

қаржылық қызметі дәл осыған байланысты» дегенді үнемі қайталап айтып жүреді. Әке жолы ұрпаққа да өнеге-үлгі деген емес пе, Ысқақовтар әулетінің кішісі Асқар да әке жолымен осы цехқа келіп, термист болып еңбек етуде. Ал Тоқтархан аға болса өзінің Ербол, Нұрдәулет деген немерелерінің де ата жолын қуатынына сенімді. Өйткені металлургия адамдарды еңбектің шексіз бақытына, мол ырысқа, нағыз адами бақытқа бөлейтін жол десек болады.

Қолданылған әдебиеттер:

Лұқпан, Е. Тұғыры биік Теміртау [Мәтін] / Е. Лұқпан, А. Ақын, Т. Смағұл.- Қарағанды: Қарағанды Полиграфия, 2005.- 248б.

Алдашева, Р. Әлі де еңбек сапында...: [ардагер металлург Тоқтархан Ыбырайұлы туралы] / Р. Алдашева, С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2013.- 10 мамыр (№19).- 6 б.

ОК: Победа көшесі, 12 үй
телефоны: 8(7213) 98-47-60
ОК сайты: www.kulturatem.kz
e-mail: tcsqb@mail.ru